

**"Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысына  
өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 қыркүйектегі № 708 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысына  
мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олармен үлестес  
болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың басым тәртіппен бәсекелес ортаға беру  
ұсынылатын ірі еншілес, тәуелді ұйымдарының тізбесінде:

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы, оның құрамында  
" деген бөлім:

мына:

"

	12)	"Ақтау теңіз солтүстік терминалы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		
--	-----	---	--	--

"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

	13)	"Dosjan Temir Joly" акционерлік қоғамы		
--	-----	---	--	--

";

көрсетілген қаулыға 5-қосымшада:

акционерлік қоғамдардың және олармен үлестес болып табылатын өзге заңды  
тұлғалардың бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын еншілес, тәуелді ұйымдарының  
тізбесінде:

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы деген бөлімде  
реттік нөмірі 7-жол алып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК